

¹Юсупов А.Н.,* ¹Юсупова А.А., ²Фарзад Поур Рахмиан

¹к.арх., доцент. М.Әуезоватындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан

¹PhD докторы, аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан

²PhD докторы, проф., Нортумбрия университеті. Ньюкасл-апон-Тайн қаласы, Ұлыбритания

ҰЛТТЫҚ ҮРДІСТЕГІ ЭТНОАЛЛЕЯНЫ ЖОБАЛАУ МӘСЕЛЕСІ

Автор-корреспондент: ardakrk@mail.ru

Түйін: Елбасы Н.Назарбаевтың «Рухани Жаңғыру» мақаласында - әлем бізді мәдени жетістіктерімізбен тануы керектігін, ұлттық өнерімізді дамыту жайын атап айтқан болатын. Осыған байланысты, мақалада ғылыми негізде этнографиялық аллея жобалаудың жолдары баяндалады.

Осы себепті, мақала авторлары ұлттық орнаменттерді ғылыми негізде зерттеп, мағыналы (символикалы) ой-өрнектер жүйесін түзді. Жобада сәулеттік орнамент пішінді кіші формалар тізбегі берілген: Куб - ел, отбасы – бірлігі, «ағаш» -өсіп өну; «қошқар мүйіз» сәттілік пен байлықты бейнелейді. «Құс мұрын» жағымды жаңалықты, «тасбақа» ұзақ ғұмырды білдіреді, «жұлдыз» бейнелі ою-өрнек - ісмер, шебер атанып, «жұлдызың жансын» ізгі тілегін айқындайды. Аталмыш сәулет формалары көрінісінде үлкен мағына бар, бұл жас ұрпақтың рухын үстем ету үшін өте маңызды.

Кілт сөздер: Ою-өрнектер символы, кіші сәулеттік формалар тізбегі, ландшафты сәулет, этнография

Кіріспе. Елбасы Н.Назарбаевтың «Рухани Жаңғыру» мақаласында - әлем бізді мәдени жетістіктерімізбен тануы керектігін, ұлттық өнерімізді дамыту жайын атап айтқан болатын[1].

Осы орайда, мақалада этнографиялық аллея жобасы туралы баяндалады. Университетіміздің Архитектура кафедрасында академик Әлкей Марғұланның ғылыми гипотезасы негізінде этноаллея жобасы жасалды. Айта кетсек, «Бұрынғы кезде ою-өрнектер хат сияқты оқылатын, қазіргі кезде мағынасы ұмытылған, оларды оқып дамыту келешек ұрпақтың ісі болмақ», - деп Әлкей Марғұлан жазған болатын[2].

Ұлттық нақыштағы ою-өрнектерді сәулет өнерінде, атап айтқанда, ландшафт дизайнына пайдалану барысында эстетикалық және эмоционалды әсер беру үшін, олардың символдық құндылығын анықтау қажет. Қазіргі таңда, көптеген дизайн салаларында ұлттық ою-өрнектер қолданылып келеді, бірақ, олардың символикалық мағынасына дизайнерлер аса мән бере бермейді. Осы себепті, мақала авторлары ұлттық орнаменттерді ғылыми негізде зерттеп, мағыналы (символикалы) ой-өрнектер жүйесін түзді[3].

Төменде мағыналы орнаменттерді сәулет өнерінде қолдану жолдары баяндалады.



Сурет 1. Этноалеяның жалпы көрінісі

Жобада аллеяда жайғасқан, орнамент пішінді сәулеттік формалар тізбегі берілген. Туристер аллеяға алдыменен куб формасы арқылы өтеді. Куб отбасы мен ел бірлігін білдіреді. Халық мақалында «Төртеу түгел болса, тебедегі келеді» дейді халқымыз. Куб ішінде ағаш көпір бар, көпірдің астында әйнекпен көмкерілген шұңқырда есірткі, спирттік ішімдік макеттері, т.с., қоғамға кері әсерін тигізетін азғындық элементтері жатыр. Көрермен көпір үстінен өтіп, қонақжайлы ұлттық руханият әлеміне жеткендей әсерде болады[4].

Келесіде көрермен символикалы ою-өрнекті «ағаш» аркасынан өтеді. Ағаш өрнегі Еуразия халықтарының дәстүрінде өсіп-өну символы іспеттес.

Келесі арка «қошқар мүйіз» пішінді жобаланған. Еуразия халықтарының дәстүрлері бойынша, «қошқар мүйіз» сәттілік пен байлықты бейнелейді[5].



Сурет 2. Этноаллея көріністері

Келесі арка «құс мұрын», яғни жағымды жаңалықты білдіреді. Ежелгі уақытта арнайы үйретілген құстар (көгершіндер) туыстар жағдайы туралы хат-хабарлар тасымалдаған.

Аллея «тасбақа» пішінді, сегіз қырлы сыпаға (подиум) жалғасады, бұл символ «Сегіз қырлы, бір сырлы маман» бол деген ниет іспетті. Тасбақа, Еуразия халықтарының мәдени дәстүрлеріне сәйкес, ұзақ өмір мен денсаулықты бейнелейді. Ол ұлттық өнерпаздар сахнасы пішінді жасалған.

Ежелгі Орхон-Енисей ойма жазуы іспетті кітап пішіні тасбақаның үстінде орналасқан. Кітап білімге деген құштарлықтың символы болып табылады. Ұзақтан көз тартатын «жұлдыз» бейнелі ою-өрнек - ісмер, шебер атанып, «жұлдызың жансын» ізгі

тілегін білдіреді. Аталмыш сәулет формалары көрінісінде үлкен мағына бар, бұл жас ұрпақтың рухын үстем ету үшін өте маңызды[6].

Туристтер «Рухани жаңғыру» театрланған қойылымына қатысықандай ұмытылмас әсер алады.

Қорытынды. Бұл зерттеу дамып келе жатқан және дамыған елдердің ландшафт сәулетіндегі символдық ою-өрнектерді қолданудың қайталанатын тенденциясын анықтады. Символизмге деген өсіп келе жатқан қызығушылықты ұлттық өнердің жандануымен және әлемдік қауымдастықтардың жаһандануымен түсіндіруге болады[7]. Сонымен қатар, зерттеу барысында, Еуропа мен шығыс елдерінің халықтарына тән символдық әшекейлердің ортақ белгілері мен маңызы анықталды. Эксперименттік жобалық ұсыныстың көмегімен, бұл зерттеу Қазақстандағы символикалық ою-өрнек сөздігіндегі ландшафтық сәулетті дамыту бағытын анықтайды. Сондай-ақ, саябақтарды, бақтарды, аллеяларды және гүлді безендіруді жоспарлауды жеңілдету үшін, дизайнды одан әрі қарастыру бойынша практикалық нұсқаулық жасалды. Символизм ішкі адами құндылықтар мен ұмтылыстарға сілтеме жасайды[8].

Осылайша, символикалық мағынасы бар ою-өрнектерді қолдану барсынында, ландшафт сәулетін ұлттық нақышта дамытуға үлкен мүмкіндік бар.



Сурет 3. Тасбақа және жұлдыз кіші формалары

Әдебиеттер тізімі:

1 Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы, 2017 жылғы 12 сәуір.

2 Алкей Маргулан, «Казакское народное прикладное искусство» Алма-Ата, ТОМ.1, 1986, 82бет

3 Akmaral Yussupova, Liu Songfu, Ardasher Namazbay, Ahad Nejad Ebrahim. Features of design and gardens of parks with symbolic meaning in Shymkent city-Kazakhstan[J]. Open House International Journal ,2019 ,44 (1):98-106.(SSCI, Web of Science ISSN: 0168-2601).

4 Akmaral Yussupova, Liu Songfu, Ardasher Namazbay, Farzad Pour Rahimian, Ahad Nejad Ebrahim. Ornamental art and symbolism : activators of historical regeneration for Kazakhstan`s landscape architecture[J]. International Journal of Architectural research Arch Net IJAR,2017,11(3):193-212.ISSN 1938 -7806.

5 Токтыбаева А. Этнографический декор архитектурного комплекса Ахмеда Ясави. Алматы, 1998

6 Абдуғаппарова М. Казахские орнаменты. Алматы, 1999:148 бет.

7 Насрединова А. Көшпенділер өміріндегі киелі сәулет өнері. Бішкек, 2007:62бет.

8 Clark E. The Art of the Islamic Garden. Kent: The crowood Press, 2011:33бет

Аннотация: Глава государства Н.Назарбаев в статье «Рухани Жаңғыру» отметил, что мир должен признать нас культурными достижениями, развивать наше национальное искусство. В

связи с этим в статье излагаются пути проектирования этнографической аллеи на научной основе. В этом исследовании изучалось появляющееся прогрессивное использование декоративного искусства в ландшафтной архитектуре Казахстана и определялось влияние символики на качество новой городской среды. В ходе исследования были проанализированы существующие рекреационные объекты в Казахстане с целью установления их символического значения, уровня использования символических украшений и социально-экономических факторов, влияющих на структуру дизайна элементов ландшафта.

Ключевые слова: Символические орнаменты, малые архитектурные формы, ландшафтная архитектура, этнография

Abstract: The Head of state N.Nazarbayev in the article named «Rukhani Zhangyru» noted that the world should recognize our cultural achievements thanks to the development of the traditional art. Motifs of decorative and applied art had played an important role in the cultural history of each country, and today decorative art has received a new impetus for development throughout the world - the revival of decorative and applied art is the need to identify the cultural identity of ethnic groups in the context of globalization. Thanks to new trends and dynamics, Kazakhstan was influenced by nomadic. This study investigated the emerging progressive use of ornamental art in the landscape architecture of Kazakhstan, and determined the influence of symbolism on the quality of new urban environments. The study analysed the existing recreational facilities in Kazakhstan in order to establish their symbolic meaning, the level of utilisation of symbolic ornaments, and the socio-economic factors that influence the design structure of landscape elements.

Keywords: Symbolic ornament, small architectural forms, landscape architecture, ethnographic art